



**1845
1904**

Абай сөзі заманында-
ғы ақындардың сөзі-
нен оқшау, олардың
сөзінен үздік, артық.
Ол оқшаулық, артық-
тық басқа ақындар-
дан Абайдың жалғыз
сөзінде ғана емес,
Өзінде де болған...

**АХМЕТ
БАЙТҰРСЫНОВ**

**ЖАСЫМДА
ҒЫЛЫМ БАР ДЕП
ЕСКЕРМЕДІМ**

ЖАСЫМДА ҒЫЛЫМ БАР ДЕП ЕСКЕРМЕДІМ

(Абай шығармаларын оқыту мәселелері)

АЛМАТЫ «РАУАН» 1995

ББК 74.28
Ж 33

Құрастырғандар: Н. Керімбаев, Ғ. Жандыбаев.

**Жасымда ғылым бар деп ескермедім: (Абай
Ж 33 шығармаларын оқыту мәселелері) / Құраст
Н. Керімбаев, Ғ. Жандыбаев.— Алматы: Рауан
1995.— 144 бет.**

Көрнекті әдебиетші-ғалымдар мен әдіскер-ұстаздар
дың мақалаларынан құралған бұл жинақта Абайтану
дың теориялық және әдістемелік мәселелері сөз бо
лады.

Кітап мұғалімдерге арналады.

Ж $\frac{4306010000-077}{404(05)-95}$ 222—95

ББК 74.2

ISBN 5-625-02755-2

© Керімбаев Н., Жандыбаев Ғ., 1995

АБАЙТАНУДЫҢ БИІК АСУЛАРЫ

Абайдың шығармашылық өмірі — қазақ әдебиеті тарихының кіндік тұтқасы. Сондықтан оның ақындық жолын зерттеу бүкіл ұлттық әдебиеттің даму, есею кезеңдерін саралаумен ұштасады. Қазақ әдебиетінің озық, демократиялық дәстүрі, ұлттық әдеби, мәдени мұрамен байланысы, кейінгі ұрпаққа әсері — бәрі де Абайдың ақындық өнерін қарастыру үстінде кең талдануға тиіс нәрселер. Алайда бұған дейін орын алып келген біздегі ұлттық мұраға деген көзқарас бұл іске белгілі дәрежеде кедергі жасап келді. Коммунистік идеология режимі қазақ халқының ұлттық әдебиетін хандық, феодалдық, таптық көзқарастармен шектеп, оны жинап, жариялауға, кең көлемде зерттеуге жол бермеді. Көне дәуірлердегі түркі халықтарына ортақ мұраларымызды пантүркистік идеялармен бүркемелеп, туысқан халықтармен байланыстың жолын жапты. Абайдан кейін туып, демократтық, халықтық әдебиет дәстүрлерін отаршылдыққа қарсы, азаттық жолындағы күреске ұластырған әдебиет өкілдерін ұлтшылдықпен айыптады. Осылардың ортасында бүкіл ұлттық әдебиеттің даму жолынан бөлініп, оқшау, онда да орыс әдебиетінің қазақ әдебиетіне әсерін, туыстығын дәлелдеу үшін, Абайды ғана үзіп-жұлып әңгіме еттік (оның өзі де бір жақты). Мұның бәрі қазақ әдебиеті тарихын, оның ішінде Абай шығармашылығын ұлттық дамудың өзекті мәселелерімен байланыстыра зерттеуге қол байлау болғаны ешкімге де жасырын емес. Осы жағдайлардың нәтижесінде революцияға дейінгі әдебиет тарихын, Абай мұрасын зерттейтін маман кадрлар дайындау ісі де мардымсыз жүргізілді.

Абай мұрасын жинап, зерттеп, ол туралы көркем туындылар жасауға бар өмірін арнаған ұлы Мұхтар Әуезовтің арамыздан кеткеніне де отыз жылдан асты. Содан бергі дәуірде Абайдың өмірі мен шығармашылығын, қоғамдық-әлеуметтік көзқарасын зерттеу ісіне жеткілікті көңіл бөлінген жоқ. Жекелеген мақалалар мен

мерейтойлар кезінде сөйленген сөздер болмаса, бұл тақырыпқа жоспарлы зерттеу жүргізілмеді. Оның үстіне ақын туралы отыз жылдың ар жағында айтылған сөздің өзі де бүгін қайта қарауды қажет етуде. Идеологиялық қыспақ Мұхтар Әуезовтің Абай туралы зерттеулеріне де белгілі дәрежеде әсер еткені, оның әр жылдар жазғандарын салыстыра қарасаң, анық көзге шалынады. Осы жағдайлар қазір ұлттық әдебиеттің негізгі даму кезеңдерін, Абайдың ондағы орнын бүгінгі тәуелсіз елдің мұрат-мақсаттары тұрғысынан байсалды зерттеуді керек етеді. Ұлттық Ғылым академиясының М. О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты бұл міндеттерге орай қазақ әдебиеті дамуының негізгі кезеңдерін арнайы зерттейтін бөлімдер ашып, үлкен жұмыс бастап отыр. Соның бірі болып Абай шығармашылығын зерттейтін бөлім де іске кірісті.

1995 жылы Абайдың туғанына 150 жыл толуы республикамызда үлкен халықтық мереке ретінде атап өтілмекші. Осы тойға дайындық ретінде бөлім ең алдымен ақынның екі томдық академиялық жинағын баспаға дайындауды, оның шығармашылық еңбегін қамтитын әр тақырыпта зерттеулер жүргізуді қолға алды. Абайтанудың қазіргі дәуір талап етіп отырған негізгі міндеттері де осы проблемалардан туындайды.

Абай шығармаларын текстологиялық тұрғыдан зерттеу — бүгінгі күннің ең қажет мәселесі. Бұл салада басталған жұмыс осы күнге шейін аяғына жетіп көрген емес. Ақын кітабын кезекті жариялау, көбінесе, мерейтойларға байланысты жүргізіледі де, жаңа жинақ ылғи асығыс дайындалады, қолжазбалар мен шыққан кітаптар тексін салыстыра қарауға уақыт жетпей қалады. Рас, Абай шығармаларының тексі негізінен қалыптасқан, уақыт сынынан өткен. Солай бола тұрса да, онда әлі де қарайтын, анықтауды қажет ететін тұстар бар. Бұлар — қолжазбалардың (1905, 1907, 1910) өзінде әртүрлі жазылған, содан басылған кітаптарға ауысқан жекелеген сөздер мен текстер. Олардың кейбірі арабша тектерден кезінде қате оқылып көшірілген, екінші біреулері тыныс белгілері теріс қойылып, не емле қатесі мағынасын бұзып, бұрмаланған. Осының нәтижесінде ақын жинақтарында «ет жүрек — ит жүрек, өткен күнге — өткен күйге, жарылып ауыз ашты — жаралап ауыз ашты, екі аяқ — екі ай-ақ, кезеген ит тым-ақ көп — тымақ көп, кірлеген жүрек өзі ішін — өзі үшін, шыдамсыз,

сабырсыз — шыдамас сабырсыз, бәс — бас, меліш сауда — мәліш сауда, бәйіт мысал — бәйіт сымал, сатып жүрген — салып жүрген» болып екі түрлі жазылып жүр. Ақынның:

Алла деген сөз жеңіл,
Аллаға ауыз қол емес.
Ынталы жүрек, шын көңіл,
Өзгесі хаққа жол емес,—

деген өлең жолдарындағы жол, қол деген сөздер 1909 жылғы Абай шығармаларының бірінші басылымына Кәкітай Ысқақов жазған мақалада ауыстырылып берілген. Біраз адамдар қазіргі басылып жүргенін емес, Кәкітай нұсқасын дұрыс көреді.

«Әзім әңгімесі» поэмасындағы:

Екеуі жетім еді әкесі өлген,
Талаптан жетімбіз деп бос жүрмеген,—

деген жолдарындағы «жетімбіз» сөзі кей нұсқаларда «жетеміз» деп жазылған.

Ақын қарасөздерінде заманның идеологиялық талабына сәйкес келмеген сөздерді де түзету орын алған. Мысалы, жиырма екінші сөзде Абайдың қоғамдық жіктерді талдай келіп, кімге сүйенеміз, кімнің тілеуін тілейміз деген сұрау маңындағы ойлары бар. Сонда ол: «момындығынан «Ырыс баққан дау бақпас» деген мақалмен боламын деп, бергенмен жаға алмай, жарымын беріп, жарымын тыныштықпен баға алмай, ұры, залым, қуларға жеміт болып жүрген шын момын байларды аямасаң һәм соның тілеуін тілемесең болмайды» деп жазған. Осындағы бай деген сөзден қашып, «момын байларды» деген тіркес «момындарды» болып өзгертілген.

Осы сияқты текстологиялық ала-құлалық Абай шығармаларында бірқатар кездеседі. Қазір ақынның жаңа жинағын дайындаушы топ осы жүйедегі жұмыстарды атқарып отыр. Әрине, бұл — оңай және біржола шешіле қоятын нәрсе емес. Түпкі қиыншылық — ақынның өз қолжазбасының жоқтығы мен көшіріп алынған қолжазбаларда ол сөздердің түрліше жазылуында. Бүгін біз дұрыс деген нұсқаны ертең біреу екінші қолжазбаға сүйеніп басқаша бастыруы мүмкін. Дегенмен біздің топ қолжазбалармен бірге ақын шығармаларының барлық басылымдарын, әсіресе М. Әуезов басқарып шығарған кітаптарды салыстыра отырып, қисынды деген үлгілерді

іріктеуге күш салуда. Бұл тұрғыда бізге 1990 жылғы басылым көп көмек беруде. Кейін бұрмаланып кеткен жекелеген сөздер сол жинақта дұрыс басылған.

Абайтанудың бүгінгі күні кезекте тұрған міндеттерінің бірі — ақын өмірбаянына қатысты деректерді жинау және толықтыру. Бізге белгілі ақын өмірбаянын бірінші рет Кәкітай (1909) жазған. Одан кейінгі дәуірде бұл тақырыпты ұзақ зерттеген кісі — Мұхтар Әуезов. М. Әуезов ақын өмірбаянының алғашқы нұсқасын 1933 жылы бастырып, кейін оған мезгіл-мезгіл қайта оралып толықтырып отырған. 1940 жылы екінші рет, 1944 жылы үшінші рет жазған. Соңғы нұсқа ғалымның «Абай» (Ибрагим) Құнанбайұлы» атты үлкен зерттеуіне кірген. Алайда, Абай өмірбаянының мәселелері бұл үлгілермен шектеліп қалмайды. Оны Мұхаң өзі де кезінде атап айтқан. «Абайдың өмірбаянын зерттеп, толықтырып жазу жұмысы жетер өрісіне жетіп, аяқталған жоқ. Бірақ бұл күнге шейін ақын шығармаларының әрбір толық басылымының тұсында сол өмірбаянына кіретін тың дерек, жаңалықтар қосыла түсіп, өсіп келеді. Осы зерттеуде де ақынның өмірбаяны бұрынғы жазылғандардан бірталай өзгертіліп, тың редакциядан өтті. «Абай өмірі туралы бұдан былай да ел аузынан жиналатын ертегілер, жалпы әңгімелер жамала беруге тиіс», — деп жазған Мұхаң¹. Бұдан әрі ол ақын өмірбаянын толықтыруға байланысты міндеттер туралы өз ойларын, ұсыныстарын айтқан.

Бұл жайлар ақын өміріне қатысты тың деректер жинай түсуге, бұрын бар мәліметтерге жаңаша баға беруге міндеттейді. Қолға түскен деректердің өзін сол қалпында пайдалана салмай, оның дәлдігін анықтау керек. Мұхаң «Абай жас шағында бір-ақ рет болыс болған»², — дейді. Ол — Қоңыр көкшеге болыс болатын үш жыл. Бұдан кейін, Мұхаң айтуынша, ол өзі болмай, өз айтқанынан шықпайтын туыстарын болыс сайлауға күш салған.

Ал, кейінгі кезде табылған бір деректе Абайдың бастағы 18 жыл болыс болғандығы айтылған. Ол — Семей оязының Семей әскери губернаторына жазған құпия рапорты (1903, 26. VIII. № 48). Онда «1903 жылғы 22 августағы № 200 ұсынысыңыз жайында Сіздің хұзыры-

¹ Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. А., «Жазушы», 1985, 20-т., 83-б.

² Сонда, 88-бет.

ңызға Шыңғыс болысының қырғызы Ибрагим Құнанбаевтың жасы 60-та екенін, 3 әйелі барын, олардан 20-ға жуық балалары барын, 1000 жылқысы мен 2000 қойы барын, оның өте білімді және ақылды адам екенін, Шыңғыс болысы болып 2 рет үш жылдан және үш рет үш жылдан істегенін, сонсоң бір рет 3 жыл бойына үкіметтің тағайындауы бойынша Мұқыр болысы болып істегенін хабарлаймын. Құнанбаевтың қызметінде парасаттылық пен жігерлілік, үкіметке берілгендіктің бары және ұлтшылдықтың жоқтығы көзге түсті»³, — деп жазылған. Осы хатқа сүйеніп, Абай 18 жыл болыс болды деп қорытынды жасау асығыс болмас па екен? Ондай мәлімет халық ұғымына да сіңбеген. Мүмкін, хатта Абайдың ағайіндерінің болыс болған мерзімінің бәрін қосып, «Құнанбаев» деген соң Абайға тели салған болар. Осыны дәлелдеу керек сияқты. Ол үшін архив деректері арқылы болыс болған Құнанбаевтардың аты-жөні, мерзімін анықтау қажет.

Тағы да толықтырып, анықтайтын нәрсе — Абайдың айналасы, оның ата-анасы, туған-туысқандары туралы деректер. Олардың да, сөзсіз, Абай өмірбаянына қатысы бар. Солардың бірқатары кезінде үстем тап өкілі есебінде Абайға қарсы қою мақсатында суреттелген. Бұл тұрғыда алдымен Құнанбай туралы деректер толықтыруды, анықтауды керек етеді. Құнанбай өз заманының азулы билеушісі, феодалдық, діни ұғым-түсініктердің мықты қорғаушысы, мінезі кесек, қатты кісі болғаны рас. Абай ұғымына, көзқарасына оның қайшы келетіні де осыдан. Кезінде Құнанбайдың Абайға таққан үш міні тарихи шындықтан алынған. Соған қарап Құнанбайды тек ұнамсыз жағынан ғана көру көбірек байқалып жүр. «Абай жолы» романында М. Әуезов те амалсыз Құнанбай бейнесіне дәуірдің идеологиялық жүгін арқалатқаны байқалады. Ал, шындығында Құнанбай өз заманының ең ақылды, көреген, қайырымды, батыр адамдарының бірі болған ғой. 1933 жылы Мұхтар жазған «Абайдың туысы мен өмірі» деген еңбегінде Құнанбай жөнінде мынадай мәліметтер бар:

«Қолға найза ұстап, астына жүйрік ат мініп, өз малын өзі бағып, жауға шапқыш, жау түсіргіш жігіт болған...

³ Қазақстан Орталық Мемлекеттік архиві. 15-қор, 2-тізім, 399-іс, 153-бума, 85—96-парақтар. Жариялаған — С. Байжанов. Кітапта: «Абай тағлымы», А. «Жазушы», 417-бет,

Құнанбай жас кезінде ат үстіндегі қайраттылық, ерліктен басқа ақылға да, сөзге де орамды кісінің белгісін берген болу керек. Өйткені сол кезде үлкен кәрілікке жеткен Нысан Абыз деген ел сыншысы Өскенбайға: «Өзіңнің бағың Қыдырдай болса, балаңның бағы Шыңғыстай болады»⁴ деп сын айтыпты дейді...

Құнанбай қолмен келе жатқан қазақты жиып алып, Құркұдықтың ішінде кеңесіп, Кенесарыны ұстамауға, қас қылмауға уәделесіпті дейді. Кейін атыс болғанда Жуантаяқ Төбет деген батыр Кенесарының қолының бір батырын қуып найзаламақшы болған екен, соны Құнанбай сабапты дейді...

Ел аузындағы қалған аңызда бұл кісінің діндарлығы мен ел билеу жөніндегі ірілік, мықтылығы, алысты болжағыш, ақылдылығы көп айтылады. Одан соңғы көп сөз мінезінің суықтық, қаттылығы, сонымен бірге мырзалығы жайынан көп кездеседі. Намаз оқушы кедейлерге ат беру, киім беру сияқты әдеттері көп болса керек...

Ақыл мен сөзге, келелі кеңеске, көп елді тоқтатып билік, байлауға келгенде, өз тұсындағы Орта жүздің басты билерінің алдыңғы қатарындағы кісі болып саналған болуы керек. Мұның белгісі — Ақмола, Жетісу, Семей сияқты губернялерде, ел аузында қалған билер жайында естелікте Құнанбай атының көп аталатын болғаны...

Сондықтан біздің міндет — бірін даттап каралау емес, бүгінде анығын білгісі келген елге дәл пішінін көрсету. Бұл сөздің басын Абайдың жайы деп алып, Құнанбай жайын көп танытып айтып кетсек, солай болуына себеп болып отырған да осы міндетті көп ойланғандық. Өйткені Құнанбайдың кім болғанын білмесек, Абайдың кім екенін білу қиын. Бұлардың қай-қайсы болса да заманның туындысы. Бірде заманның ұлы болса, бірде сол заманның құлы да болған»⁵.

Сөздің соңғы түйіні қандай әдемі айтылған. Шындығы да сол ғой. Алайда уақыт, заман Мұхтарды да осы сөзден тайдырған. Абай өмірбаянының кейінгі нұсқаларында бұл сөздер түгелдей түсіп қалған. Олардағы Құнанбай жөніндегі деректер оның ел билеушілік, қанаушылық, зорлықшыл мінездерін айтумен шектелген. Ендігі міндет — Абай өмірбаянын қайта қарау үстінде

⁴ Қыдыр да Шыңғыс та — тау аттары. (Шыңғыс — биігі де, Қыдыр — соның бөктеріндегі аласасы — С. Қ.)

⁵ «Абай журналы, 1992, № 1, 9—13-беттер.

Құнанбай туралы деректерді осы тұрғыдан толықтыру, Абайдың әкесіне әділ баға беру. Шынында да, Мұхтар айтқандай, «Құнанбайдың кім екенін білмесек, Абайдың кім екенін білу қиын».

Абайдың әкесіне зор құрметпен қарағаны оның өлеңдерінен де анық көрінеді. Әбдірахман өлгенде жазған өлеңдерінің бірінде ол:

Арғы атасы қажы еді,
Бейіштен татқан шәрбатты.
Жарықтықтың өнері
Айтуға тілді тербетті.
Адалдық, ақыл жасынан
Қозғапты, тыныштық бермепті.
Мал түгіл, жанға мырза еді,
Әр қиынға сермепті.
Мұнды, шерлі, жоқ-жітік
Аңсап алдын кернепті.
Бәрінің көңілін тындырып,
Біреуін ала көрмепті.
Әділ, мырза, ер болып,
Әлемге жайған өрнекті.
Тәубесін еске түсіріп,
Тентекті жиып жерлепті,—

деп әкесінің ұлағатты істерін, өнегесін еске алады да,

Оны да алды бұл өлім
Сабырлық қылсақ керек-ті⁶,—

деп өзіне жұбату айтады.

Құнанбайды ұнамды бейнелеген басқа да деректер аз емес. Олардың ішінде А. Янушкевичтің жазғандары да көңіл аударарлық. Ол: «Құнанбай би Барақ Сұлтаннан аз-ақ үлкен, бұл да қыр еліне әйгілі адам. Қарапайым қазақтың баласы, жаратылысынан ақыл дарыған, зерек, қара сөзге шешен, ойлы, тыңғылықты кісі, халқының қамын ойлайтын, қыр елінің әдет-ғұрып заңына және шарифат жолына жүйрік, орыс елінің қырғыздар жөніндегі заң ережелерін де жақсы біледі, параға сатылмайтын әділ би, үлгілі мұсылман, қарадан шыққан Құнанбайды жұрт пайғамбардай көреді, оған алыс ауылдардан ақыл-кеңес сұрап үлкен-кішілердің, бай мен кедейлердің бәрі келіп жатады»⁷,— деп жазған өз күнделігінде. Бұдан әрі А. Янушкевич Құнанбай бей-

⁶ Абай Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық жинағы, А., «Ғылым», 1977, 226-бет.

⁷ Янушкевич А. «Дневники и письма из путешествия по казахским степям», А., 1966, С. 61—62.

несін аңыздың кейіпкеріндей көтере суреттеп, оның ел ішіндегі беделінің жоғарылығын, көп шаруаның оның ымдауымен, бас шұлғуымен бітіп жататынын, ол шешекпен ауырғанда елдің күзетіп, өмірін құдайдан сұрап алып қалғанын әңгімелейді. «Барлық бай Құнанбайдың аяқ киімін шешуге де жарамайды» деген қорытынды жасайды.

Мүмкін, Құнанбай туралы ел әңгімелерін көп естіген Янушкевичтің асыра айтқан жерлері де бар шығар. Сонымен бірге оның көп жайды Құнанбайдың өзімен араласа жүріп түйгені аңғарылады. Жазуына карағанда, ол 1846 жылдың жазын Құнанбаймен бірге өткізіп, көп жер аралаған, одан қазақ тарихы, әдет-ғұрып салттары жайында әңгімелер тындаған.

Кейінгі жылдары табылған архив деректері ішінде Құнанбайдың Күшік-тобықты болысында старшин боп жүргенде Сібір қазақтарын билейтін шекаралық комиссияға арыз жазып, балаларды орысша және азияша оқытатын училище ашуға рұқсат пен орыс тілінің мұғалімін сұрағаны жайында мәліметтер бар⁸. Бірақ шекара комиссиясы мұғалім тауып бере алмай, Құнанбай мұсылманша мектеп қана ашқан. Ол — жалпыға белгілі Ескітам мектебі. Онда Ғабитхан молда көп жыл бала оқытқан.

Мұның бәрі осы күнге дейінгі Абай өскен ортаны суреттеу кезінде Құнанбайға әділ баға берілмей жүргенін, бұл мәселені ақын өмірбаянымен бірге қайта қарау қажеттілігін көрсетеді, Құнанбайға қатысты мұндай әділетсіз ұғым-түсініктер жайлы кезінде Әлкей Марғұлан да жазған⁹.

Ақын өскен ортаның сырын ашатын тағы бір сала — Абай маңындағы ақындар, жыршылар, өнер сүйгіш жас қауым, шәкірттері. Олардың қай-қайсы да Абай өнегесін таратушы болған, әдебиетте жана дәстүрді қалыптастырып, жалғастыруға қызмет еткен. Көбі ақын ұсынған тақырыптарға шығарма жазған. Осылардың ішінде Шәкерім мен Көкбайдың орны ерекше. Алайда, коммунистік идеологияның бір жакты үстемдігі кезінде бұл екі ақын да тарихтан тиісті бағасын ала алмады. Шәкерім енді ғана ақталып, шығармалары жарық көре бастаса, Көкбайдың бала оқытқан молдалығынан басқа

⁸ Қазақстан Орталық Мемлекеттік архиві, 74-қор, 1-тізбе, 5051-іс, 590-бума, 3—4-бет.

⁹ «Жұлдыз» журналы, 1982. № 4.

тіпті жазығы да болған емес. Мұхтар Әуезовтің айтуынша, ол жазушыға Абай өміріне, шығармашылығына қатысты көп мәліметтер берген, естелік қалдырған. Ендігі жерде Көкбайдың шығармаларын жинап бастырып, Шәкерім екеуінің Абай дәстүріне қатысын жан-жақты ашып зерттеу кажет.

Абайдың 150 жылдық тойына арналған еңбектер ішінде ақын жайлы естеліктер жинағын шығару жоспарланған. Мұның көбі — 20—30 жылдары Мұхтардың қатысымен (не ұсынысымен) жазылып алынған ақын туыстарынан қалған мәліметтер. Ішінде үзіп-жұлып жарық көргендері де, қолжазба күйінде архивтерде, қолжазба қорларда сақталып келгендері де бар. Әр түрлі саяси жағдайларға байланысты кейбірін пайдалануға рұқсат та болмай келді. (Турағұлдың естелігі сияқты). Осыларды толық жинап жариялау да ақын өмірбаянын толықтыратын деректер болмақ.

Ендігі бір үлкен мәселе — Абай шығармашылығын зерттеудің мазмұны, методологиялық принциптері туралы. Осы күнге дейін Абай туралы зерттеулерде оның орыс әдебиетімен байланысты жағы ғана толығырақ ашылып, басқасы көмескі қалып келді. Мұның да дәуірдің идеологиясынан туғаны жұртқа мәлім. М. Әуезов кезінде Абай шығармашылығының үш бұлағын атап, оларға халық әдебиетін, шығыс әдебиетін және орыс, батыс әдебиеттерін қосқан. Осының ақын шығармашылығы нәр алған алғашқы екі бұлағы жете зерттелген жоқ. Зерттеу орнына, кезінде қазақтың ұлттық әдебиетімен шығыс әдебиетінің Абайға жасаған әсерін әлсіретіп көрсетуге ұмтылушылық орын алды. Кейбіреулерге Абай өзіне дейінгі қазақ әдебиетін жоққа шығарушы боп көрінді. Тіпті олар «Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау, сөздері бірі жамау, бірі құрау» деген жолдарды «бәрі жамау, бәрі құрау» деп оқуға тырысты. Ал, шығыс әдебиетінің әсері алғашқы бір-екі өлеңі тұсында болмаса, байқалмайды деп, шығыс классикасынан ақынды бөліп алу ниеті де көрініс бермей қалған жоқ. Осы мәселелерге ғылыми тұжырым жасау үшін Абай ақындығының үш бұлағын тең қойып зерттеу қажеттігі туады.

Абайдың ақындық жолы, ортасы күрделі болғаны белгілі. Сондықтан өзі туып өскен ортаның әдебиеттік үлгілерінен, қазақтың шешендік өнерінен, аты белгілі (өзі атайтын Бұқар, Дулат, Шортанбай) ақындар өне-

гесінен тыс тұруы мүмкін емес. Қайта Абай осылардың бәрін жақсы білді, жанына азық етті. Ұлттың рухани байлығын бойына сіңіре отырып, кейін шығыс, батыс үлгілерін еркін меңгеру арқылы бүкіл халықтық, жалпы адамзаттық ой-пікір деңгейіне көтерілді. Халықтық әдебиет сарындарын еуропалық үлгідегі ақындық жинақтаушылыққа ұластырды. Мұның өзі қазақ әдебиетінің Абай арқылы адамзат мәдениетінің көркемдік биігіне шығуын дәлелдейді.

Абай осыған қалай жетті? Ол ұстанған әдеби-эстетикалық принцип қандай? Бұл мәселеге бұрынғы зерттеулерде жауап беруге тырысушылық байқалғанмен, ол да біржақты, тек орыстың классикалық демократтық әдебиеті үлгілеріне сүйенуден аса алмады. Әрине, бұл тұста Абайды орыс, еуропа әдебиетінің озық үлгілерінен бөліп әкетудің де орны жоқ. Алайда ақынның әдеби-эстетикалық көзқарасы ұлтымыздың эстетикалық ұғымынан бастау алатынын жоққа шығаруға бола ма?

Абай — ұлт ақыны. Оның ақындық мұраты да сөз өнері арқылы халқына, еліне қызмет ету. Ұлтын ағарту ісіне, өнегелі жолға түсуге үгіттей отырып, ол сол ұлттың бойындағы заман қайшылықтары тудырған ұнамсыз мінездерді аямай сынайды, шенейді. Бұл тұрғыда ол — ұлт психологиясын терең танушы әрі шебер суреттеуші. Оның қай өлеңін оқысаң да өзімізге таныс мінездер кездеседі. Олар сан алуан, бірін-бірі толықтырып жатқан бейнелер. Не ақыл, не мал таппай, адалдық қумай, ауыл кезіп құр қылжаңмен күн өткізген берекесіздер, рас сөздің қасиетін түсінбей, жоққа сенгіш, ойы саяз, көп айтса көнгіш надандар, іші жау боп, сырты күліп, жақынын тіріде аңдып, өлсе өкіріп жүрген сұрқиялар, қасын алдына келтірем деп, ақ тымағының құлағы салтақ-салтақ далақтап, өзі алмай, қыранға алдырмай, елді әуре еткен күйкентай мен қарға қылығына мәз болғыш күншілдер, терін сатпай телміріп, көзін сатып, теп-тегіс аларман болған жұрт, қызмет қылып мал таппай, ғылым оқып ой таппай, құр үйінде жатқан, ел қыдырып, ас ішіп, еркек атын сатқан жалқаулар, сырын емес, сыртын түзеп жүрген сымпыс бозбалалар, «бәрекелді, батыр» деп, «мықты боп бара жатыр» деп мақтап-мақтап қоздырып, бірді-бірге айдап салғыш, тасыса өсек, ысқыртса кесек, құмардан шығатын бәлеқорлар — бәрі де Абай сомдаған ұлттық бейнелер. Ақын суреттеген ел билеушілері қаншама! Олардың ішінде мақтан үшін билікке

ұмтылып иттей қор боп, өзіне сөз келтірген қайратсыздары да, бас-басына би болған, қырқып мінсе қыр артылмас өңшен қикымдар да, өз сөзінен басқаны ұқпайтын, аузымен орақ орған өңкей қыртың да, бір-ақ секіріп шығам деп, бір-ақ ырғып түсем деп, ұрлықпен мал табам деп, егессе ауыл шабам деп жүрген белсенділер де, бір сөз үшін жау болып, бір сөз үшін дос болып, қалаға дем алмай шауып, өтірік арыз бергенді мақтан көрген пысықтар да кездеседі. Осылардың бәрі — жақсы менен жаманды айырмай, екі ұртының бірі — қан, бірі — май боп жүрген халқының өкілдері. Осы типтердің сырын ашу, олардың халықтың бірлігі мен ынтымағы, елдігі жолындағы зиянын әшкерелеу — бүгін еліміздің тәуелсіздік алған тұсында, ел бірлігінің ең бір қажет кезінде әбден керек. Абай өзінің ұлт мүддесін көздеген, халқын бірлікке, еңбекке шақырған жырларымен бізге бүгін де көмекке келеді.

Абай жаңашылдығы осындай ескішілдікке қарсы күресте туды. Ол әдет-салттың кертартпа жақтары мен қараңғылық тудырған қылықтарды шенеумен шектелмей, Адам атын биік дәрежеге көтеретін жаңа идея ұсынды. Адамдық атқа ие болып отырып, надан болуға жол жоқтығын («Атым Адам болған соң қайтып надан болайын?!») айтты. Адамдар арасындағы достық пен сыйластық идеясының жаңа мазмұнға ие болуы да, әйелге деген жаңа көзқарас, сезім шыншылдығы, адал махаббатты ардақтау — бәрі де Абайдан басталады.

Абайдың ақындық бағдармаласының жаңалығы, оның сөз өнерінің халықтығы жайындағы ойларының қалыптасуына орыстың революцияшыл демократтық әдебиетінің тигізген әсері туралы бұрынғы зерттеулерде бірсыпыра жақсы талданған. Өлең сөз құдыретін қоғамдық күш есебінде танып, әлеуметтік тіршілікке байланыстыру негізінде, Абай шығармашылығының халықтық принциптері айқындалады, сол арқылы дәстүрлі сөз жүйесі, стиль өзгереді — дәстүрлі өлең жаңа, терең ой, сезіммен толығады. Қазақтың әдеби тілінің жетілуі мен жаңаруы да Абайдың осы саладағы табыстарына қосылады. Бұрынғы зерттеулерге сүйене отырып, осы мәселелерге бүгінгі күн талабы тұрғысынан қайта бір оралу да артық емес. Әсіресе, ұлттық тілдің мемлекеттік мәртебе алуымен байланысты, қазақтың әдеби тілін жаңартудағы рөлін, қазақ өлеңін басы артық «бөтен сөзден» тазартудағы еңбегін, ондағы сөздің бейнелілігінің ар-

туын тереңірек ашу мен Абай поэзиясы халықтығын ұлттық негіздерін, реалистік әдісін зерттей түсу қажет.

Абай дәстүрі, оның ақындық мектебі — біраз жылдардан бері зерттеуге талап жасалғанмен, әлі де толық нақты шешімін таппаған мәселе. Кезінде «ақын мектебі» дегенді буржуазиялық теория деп соққандар да болған. Ал, шындығында Абаймен жалғаса туған шәкірт ақындар (Абай маңындағы) шығармашылығы мен Абай өнегесін, ол ұстанған шыншылдық мектепті үлгі тұтқан кейінгі ақындар еңбектерін қазақтың ағартушылық-демократтық әдебиеті принциптері тұрғысынын зерттеу ғылым үшін аса маңызды проблемалардың бірі. Осы саладағы жұмысты жалғастыру Абайтанудың өзекті ісі болмақ. Кеңес өкіметі тұсында да Абай өнегесін аңырмаған, оның мектебінен өтпеген ақын кем де кем. Абай ең алдымен, шеберлікке жетілудің мектебі болды. Кейінгі ақындары шығармаларын идеялық-тақырыптық жағынан емес, осы шеберлік тұрғысынан Абайға қатысты зерттеу керек.

Абайдың әлеуметтік, саяси көзқарасын зерттеуде ғылымға танушы ғалымдар белсенділік көрсетуі қажет деген білеміз. Бұл салада бұрын жүргізілген зерттеулер бүкіл тұтастай қайта қаралуы керек. Олардың көбінде Абайды Кеңес идеологиясына жақындатуға, ақын көзқарасының қайшылықты деген жақтарын жұмсартып айтуға бүркемелеп кетуге ұмтылушылық байқалатын. Оны панисламизм, пантүркизм идеясына қарсы күресуші еткендігі көрсететін еңбектер де болды. Абай ислам догмасына қарсы болғанымен, жалпы мұсылман дініне, мұсылман түркі халықтары ынтымағына дұрыс қараған. Оның діниге, құдайға сенуі — соқыр сезім емес, шындықты, құдай жолын оймен тануға («Оймен білген нәрсенің бәрі дәлдігі»), шарифат қағидаларынан адалдық, имандылық, иманға келуге құрылған.

Абайтану да оңай ғылым емес. Тағдыры күрделі ақынды тану үшін оның өмір сүрген заманының қайшылықтарын терең түсініп алу керек. Өзінің «жұмбақ адам екенін, «соқтықпалы, соқпақсыз жерде өсіп», «мыңмал жалғыз алысқанын» ақын тегін ескертіп отырған жоқ. Сондықтан Абайдың өлеңінің мазмұнын, тақырыбын тану аз, ішкі сырын ұғыну абзал.

Түзу кел, қисық, қыңыр, қырын келмей,
Сыртын танып іс бітпес, ішін көрмей,—
дегенде де осындай меңзеу бар.

Абайды әр тұрғыда тану үшін оның мұрасын зерттеу ісіне тарих, тіл білімі, өнертану, заң ғылымдарының, тағы басқа ғылым салаларының өкілдері де қатысуы орынды.

Соңғы сөз — Абайтану тарихы жайында. Ақын шығармаларының алғаш газет беттерінде («Дала уалаяты газеті», 1889) жариялануынан бастасақ, бүгінде Абайтанудың жүз жылдан астам тарихы бар. Абай шығармашылығы жайындағы алғашқы ғылыми ой-пікірлер де ХХ ғасырдың басында, 90 жыл бұрын туған. Бұл салада Ә. Бөкейхановтың «Киргизский край» (1903) атты кітаптағы мақаласында келтірілген деректер мен «Семипалатинский листок» газетіндегі (1905) өмірбаянын айтсақ та жеткілікті. Алайда абайтанудың бастаушысы болған бұл автордың еңбектері мен соған жалғас жазылған Қ. Ысқақовтың А. Байтұрсыновтың, М. Дулатовтың мақалалары соңғы кезге дейін ғылыми айналымға кірмей, жабық күйінде қалып келді. Ал, кеңес тұсында Абайтану ісін негіздеп, ғылыми жүйеге түсірген—М. Әуезов. Ол кісінің ұзақ жылдық еңбегінде де бағаланған, бағаланбай сынға ұшыраған ой-пікірлері аз емес. Бұл салада Ы. Мұстанбаевтың, Ғ. Тоғжановтың, І. Қабыловтың, Қ. Жұбановтың, Б. Кенжебаевтың, С. Мұқановтың, Қ. Жұмалиевтің, Е. Ысмайыловтың, З. Ахметовтың, Қ. Мұхамедхановтың, тағы басқа абайтанушылардың еңбектерін атап айтуға болады. Бүгін осылардың бәрін жинақтап, қорытып, абайтанудың тарихын жасау міндеті де алда тұр. Бұл тұрғыда соңғы жылдары М. Мырзахметов бастап жүргізіп келе жатқан істі қолдау әбден қажет.

Әрине, Абайтанудың өзекті мәселелері бұл айтылғандармен шектелмейді. Ол — ұзақ мерзімге бағытталған, әрдайым жаңарып отыратын ғылым. Әр дәуір, қоғамдық өзгерістер, көзқарастардың жаңаруы оған өз міндетін жүктейді. Әр ұрпақ Абай жөнінде өз сөзін айтатын болады. Осы тұрғыдан ғылымға тек кеңестік ұрпақтың ғана емес, бүгінгі өзгеру дәуірі ұрпағының да ой-пікірі, көзқарасы қажет. Абайтану есігі кімге де болса, ойы мен пікірі бар оқырманның бәріне ашық. Ұлы ақынның 150 жылдығы алдында жүргізілетін жұмыстарға осылай көп болып, ғалымдардың әр ұрпағының өкілдері бірлесе қатыссақ, көтерген жүк жеңіл болмақ.

Серік ҚИРАБАЕВ,
профессор.

АБАЙ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК МӘНІ

Абай поэзиясы ақын өмір сүрген тұтас бір тарихи дәуірді жан-жақты, барынша толық бейнелеп берді дейміз. Бірақ ақын шығармалары жарты ғасырды қамтитын тарихи дәуірді танытады деу аз. Сол замандағы қоғамдық өмір салтының, ой-сана, ұғым-түсініктердің бірнеше ғасыр бойы қалыптасқанын, түп-тамыры әріде жатқанын ескерсек, Абай поэзиясы қоғам дамуындағы елеулі бір кезенді бейнелеу арқылы халықтың тағдырын, ұлттық мінез-құлқын кең арнада алып, тарих көшінің жеткен жерін ғана емес, өткен жолын да танытарлықтай етіп көрсете білгенін көреміз. Ал адамгершілік, әділдік, бірлік, достық, еңбек сүйгіштік, талаптылық, адалдық секілді сан түрлі мінез-құлық мәселелері қай заманда да мәнін жоймай, жаңғыра жалғастық тауып, дами беретіні белгілі. Ендеше, Абай поэзиясы заман ауысып, уақыт озған сайын қоғамдық ой-санаға ықпал-әсері арта түсетін асыл мұра.

Абай шығармаларын талқылағанда екі түрлі талдау принципін дұрыс ұштастыра білу шарт. Оның бірі — тарихи принцип, яғни, ақын шығармаларын туғызған заман, қоғамдық орта, әлеуметтік жағдаймен байланыстыра қарау болса, екіншісі — бүгінгі заман тұрғысынан, қазіргі моральдық ұғым-түсінік, идеалдарға үйлестіре қарап бағалау, Абай шығармалары өз заманының қоғамдық мүдделерін, арман-мұраттарын бейнелейді. Оны біздің заманымызбен жақындастыратын да — осы озат арман-мұраттар, тарихи-әдеби дамудың үзілмейтін, ұласа беретін жалғастығы. Сондықтан Абай шығармаларының қазіргі ой-санамызға қандай әсер беретініне, танымдық, көркемдік, тәрбиелік мәнін айқындауға да көңіл аудармай болмайды. Осы бір-бірімен тығыз байланысты екі принциптің біреуіне ғана назар аударылып, екіншісі еленбесе, үстіртін, жеңіл қорытынды-түйін жасауға әкеліп соғады.

Абай шығармаларында алдымен мейлінше мол, әр қырынан көрінетін, әрине, ақынның өз бейнесі, өз тұлғасы. Лирик-ақын қоғам өмірінің шындығын өз сезім толқыныстары, ой-толғамдары арқылы танытады. Ақынның өз тұлға-бейнесі оны тебіrentкен ой-сезімдерден, өмірдегі алуан жағдайларға, қоғамдық мәселелерге, әр түрлі адамдардың іс-әрекеттеріне оның қатынасынан,

берген бағасынан айқындала түсіп, жан-жақты толық көрінісін табады.

Ақын бейнесі дегеніміздің өзі де ылғи біркелкі сипатта көрінбейді, әр қырынан ашылып отырады. Көптеген өлеңдерінде ақын өз көңіл күйін тікелей білдіріп, ойын тура айтады. Өлеңдері сұқбат, сырласу, насихат, ойға шому түрінде келгенде, ақын бейнесі анық, айқын қалпында танылады. Соның өзінде ақын бірінші жақтан айтқанымен, өмірге жинақталып жасалған лирикалық тұлғаның көзімен қарайтыны байқалады. Әрине, лирикалық тұлғаны ақынның өз бейнесінен мүлде бөлектеп, ажыратып алу қиын, бірақ одан өзіндік айырмасы да бар. Айталық, «Сен мені не етесін?» деген өлеңмен осындай лирикалық тұлға айқын бой көрсетеді. Сондықтан осы өлеңдегі сөздерді, мысалы:

Ажал уақыты

Жетті,

Мен өлейін, сен-ақ сау бол!—

дегенді біреуге ақын өзі айтып отыр екен деп түсінуден гөрі, бұл жинақталған лирикалық тұлғаның атынан айтылған сөз деп түсінген жөн.

Ал ақын бейнесінің өзге қырларына келсек, ол нақтылы бір жайды, жағдайды айтушы, баяндаушы ретінде де көбірек көрінеді. Мысал үшін, «Байлар жүр жиған малын қорғалатып», «Қыран бүркіт не алмайды, салса баптап», «Асқа-тойға баратұғын» сияқты өлеңдерді атауға болады.

Кейде ақын өлеңінде басқа адамның көңіл күйін суреттейді. Мысалы, «Қызарып, сұрланып» өлеңінде ғашық жастардың махаббат сезімі алдымен көрініс тауып, оны сипаттап жеткізген ақын бейнесі алға шығарылмай, тасада тұрады. Сондай-ақ табиғатты суреттейтін өлеңдерде де ақын — көбіне-көп баяндаушы, бейнелеп айтушы. Оның өзінің табиғат құбылыстарын қалай сезінетіні айқын, анық аңғарылып отырса да, алдымен көзге көрінетін нәрсе — табиғат көркі, табиғат аясындағы елдің өмір-тұрмысы. Адамның портреті, мысалы, сұлу қыздың пішінін, бой сымбатын суреттейтін өлеңдер жайлы айтсақ та, ақын өзі сол портретті мүсіндеуші дейміз. Ал тағы бір алуан өлеңдерінде ақын нақтылы кейіпкерді, мысалы, болысты сөйлету арқылы ойын білдіреді. «Жігіт сөзі», «Қыз сөзі» атты хат түріндегі өлеңдер де осы іспеттес.

Біреуге қаратып айтылған, сонымен тілдескендей етіп берілетін өлеңдерде де (мысалы, «Күлембайға») сол басқа адамды сипаттау жағы басым келеді. Сонымен қатар Абай өлеңдерінен жекелеп алынып бейнеленген кейіпкерлермен қатар, аты аталып, түсі түстелмесе де, мінезі, әрекеті, ниеті айқын сипатталып, жинақтап бейнеленген сан алуан кейіпкерлер — әр түрлі топтың өкілдері, әр қилы мінезді адамдар үнемі бой көрсетіп отырады. Оларды ақын бай, би, болыс, кедей, жалшы, жарлы, саудагер деген сияқты топтап айтса, бірталай өлеңдерінде білімді, талапты («Білімдіден шыққан сөз Талаптыға болсын кез»), ақылды («Ақылды қара қылды қырыққа бөлмек»), оқыған («Оқыған білер әр сөзді»), өнерпаз («Өнерпаз болсаң, арқалан»), ер («Ер кісі ақылға ермек, байды жеңбек»), есті («Естілер де ісіне қуанбай жүр»), немесе, надан («Наданға арам ақылды құлаққа ілмек»), білімсіз («Өмірдің өрін тауысып, білімсізбен алысып»), ақылсыз («Ақылсыз шынға сенбей, жоққа сенбек»), өнерсіз («Өнерсіздің қылығы өле көрмек»), ез («Асаған, ұрттағанға ез қуанар»), пысық («Пысық кім деп сұрасаң — қалаға шапса дем алмай, Өтірік арыз көп берсе...») деген сияқты ғып атап, топтап мінездейді.

Халықтың ой-санасында ертеден қалыптасқан, кісіні адамгершілік тұрғысынан бағалап, даралайтын жақсы мен жаман деген секілді ұғымдарды да Абай жаңаша мағынада, орынды пайдаланады. Мысалы:

Жақсыға айтсаң, жаны еріп,
Ұғар көңіл шын беріп.
Жамандар адал еңбек қыла алмай жүр.

Кейде топтап айту үшін біреу («Пайда үшін біреу жолдас бүгін танда»), әркім («Әркім жүр алар жердің ебін қамдап»), кейбіреуі («кейбіреуі — законшік»), кейбірі («кейбірі пірге қол берген») деген сияқты сөздерді де қолданды. Тіпті сөзін тыңдаушыларға қаратып айтып, сен, сендер, өздерің деп отырып, көпшілікті мінездей, сипаттап кететіні де кездеседі. Мысалы:

Жұмыссыз сандал,
Еріксіз малды ал,
Деген кім бар сендерге?

Топтап сипаттаудың ең көлемді, ауқымды түрі ел, жұртты айтып, көпшілікті, бүтін бір қауымды мінездеу болса керек. Мысалы:

аяқ», «Сен мені не етесің», «Қансонарда бүркітші шығады аңға», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Жаз», «Желсіз түнде жарық ай», «Болыс болдым, мінеки», «Қызарып, сұрланып», «Келдік талай жерге енді», «Өлсем орным қара жер сыз болмай ма?», «Көк тұман алдындағы келер заман» секілді өлеңдерінің қай-қайсысын алсақ та, мүлде тың дүние, шығармашылық жаңалық. Бұларға қоса «Ем таба алмай», «Ата-анаға көз қуаныш», «Сағаттың шықылдағы емес ермек», «Нұрлы аспанға тырысып өскенсің сен», «Ауру жүрек ақырын соғады жай», «Өлсе, өлер табиғат, адам өлмес», ал аударма өлеңдерден «Жалғыз жалау жалтылдап», «Жолға шықтым қараңғы түнде жалғыз», «Қанжар», «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» сияқты тағы сан алуан шығармаларды атауға болар еді. Абай өлеңдерінің көбі не тақырыбы, стилі, жанрлық сипаты немесе өлең өрнегі жағынан мүлде жаңа болып келетіндіктен, осы топқа жатқызуға болады деген туындыларды түгел қамтып, бөліп алудың өзі өте қиын. Міне, осындай кемеліне келген өлең үлгілерін туғызған Абай соларға ұқсас, біртектес өлеңдер жазуға ұмтыла бермейді. Әрине, қай ақында болсын бірнеше өлеңдер тақырыбы жағынан жалғас келіп отырады. Бұл сол тақырыпқа тереңдеп бару үшін қажет. Бірақ ол тақырып әр өлеңде әр қырынан ашылады. Біздің айтпағымыз Абайдың сарқылмас шығармашылық тапқырлығы, оның қолынан шыққан, көркемдік бітімі мүлтіксіз өлең үлгілерінің көптігі және әр қайсысының бір-біріне ұқсамайтын, жаңаша сипатты дүние болып келетіні.

Ақынның тіпті жылдың төрт мезгілін суреттейтін «Қыс», (Ақ киімді, денелі, ақ сақалды), «Күз» (Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан), «Жаз» (Жаздыгүн шілде болғанда), «Жазғытұры» (Жазғытұры қалмайды қыстың сызы) секілді бір топқа жататын өлеңдерінің де әр қайсысы мазмұн-мағынасы, суреттеу тәсілі, құрылысы жағынан әр түрлі болып шыққан. Сондай-ақ өлең сөз, ән-күйдің мәнін, ақындық өнердің қасиетін бағалайтын, тақырыбы жағынан бір-біріне жалғас «Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы», «Біреудің кісісі өлсе, қаралы — ол», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Көңіл құсы құйқылжыр шар тарапқа», «Өзгеге көңілім тоярсың», «Адамның кейбір кездері» деген шығармалары да ойды әр қырынан өрбітуі, пікір сонылығы, бейнелеу, айту ерекшелігі бойынша өзгеше сипат алған.

Осындай бір-біріне ұқсамайтын әр өлеңінде ақынның өнерпаздық тұлғасы әр қырынан көрініп, жаңаша сипат табады. «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес», «Көк тұман алдындағы келер заман», «Сағаттың шықылдағы емес ермек» деген сияқты өлеңдерді оқығанда Абай керемет ойшыл ақын екен деп тандансақ, «Жүрегім, нені сезесің», «Не іздейсің, көңілім, не іздейсін», «Жүрегім, ойбай, соқпа енді» секілді өлеңдерді оқығанда Абай асқан сыршыл лирик ақын-ау деп тамсанамыз. Ал, «Қансонарда бүркітші шығады аңға», «Жаздыгүн шілде болғанда», «Желсіз түнде жарық ай», «Жазғытұры қалмайды қыстың сызы» сияқты өлеңдерге назар салсақ, Абайдың өмір құбылыстарын сөзбен мүсіндеп, жанды бейнеге айналдырып сипаттауда алдына жан салмайтын суреткер екеніне ден қоямыз. «Сабырсыз, арсыз, еріншек», «Мәз болады болысың», тағы сондай туындыларға қарап нағыз сықақшыл, өткір мысқылға шебер ақын осындай-ақ болар деп мойындап, әжуалап-келемеждеудің өте нәзік, өтімді түрлеріне тәнті боламыз. «Ғылым таппай мақтанба», «Интернатта оқып жүр» атты өлеңдердің қазақ поэзиясында қалыптасқан насихат, өсиет үлгісіндегі нұсқалардан мазмұны да, ойды бейнелеп айту тәсілі де мүлдем өзгеше екені көңіл аударады. Ал, «Сен мені не етесің», «Ем таба алмай», «Қор болды жаным» секілді нәзік лирикалық туындылар қазақ поэзиясында бұрын орын теппеген сыршыл лириканың жаңа үлгілері екені айқын аңғарылады. Абайдың әр өлеңінде оның осындай ақындық тұлғасын жаңа бір қырынан танытатын өзгешелігі болады десек, олар іштей астасып жатқан сипат, қасиеттер екенін де айтуымыз керек. «Сегіз аяқты» оқығанда мұнда терең сыршылдық, ғибратты насихатшылық, бейнелеп суреттеуге, тіпті өлең өрнегін өзгеше өрнектеуге шеберлік те, бәрі ұштасып келетіні анық көрінеді.

Түгелдей алғанда, Абайдың көркемдік ойлау, бейнелеп айту, суреттеу тәсілі мүлде жаңа, лирикалық стилі еркін, икемді, поэзиядағы қалыптасқан, дайын үлгілерді қайталамайды. Осының өзі-ақ оның поэзиясына жаңашылдық сипат дарытады.

Зәки АХМЕТОВ,
академик.

Біреуге қаратып айтылған, сонымен тілдескендей етіп берілетін өлеңдерде де (мысалы, «Күлембайға») сол басқа адамды сипаттау жағы басым келеді. Сонымен қатар Абай өлеңдерінен жекелеп алынып бейнеленген кейіпкерлермен қатар, аты аталып, түсі түстелмесе де, мінезі, әрекеті, ниеті айқын сипатталып, жинақтап бейнеленген сан алуан кейіпкерлер — әр түрлі топтың өкілдері, әр қилы мінезді адамдар үнемі бой көрсетіп отырады. Оларды ақын бай, би, болыс, кедей, жалшы, жарлы, саудагер деген сияқты топтап айтса, бірталай өлеңдерінде білімді, талапты («Білімдіден шыққан сөз Талаптыға болсын кез»), ақылды («Ақылды қара қылды қырыққа бөлмек»), оқыған («Оқыған білер әр сөзді»), өнерпаз («Өнерпаз болсаң, арқалан»), ер («Ер кісі ақылға ермек, байды жеңбек»), есті («Естілер де ісіне қуанбай жүр»), немесе, надан («Наданға арам ақылды құлаққа ілмек»), білімсіз («Өмірдің өрін тауысып, білімсізбен алысып»), ақылсыз («Ақылсыз шынға сенбей, жоққа сенбек»), өнерсіз («Өнерсіздің қылығы өле көрмек»), ез («Асаған, ұрттағанға ез қуанар»), пысық («Пысық кім деп сұрасаң — қалаға шапса дем алмай, Өтірік арыз көп берсе...») деген сияқты ғып атап, топтап мінездейді.

Халықтың ой-санасында ертеден қалыптасқан, кісіні адамгершілік тұрғысынан бағалап, даралайтын жақсы мен жаман деген секілді ұғымдарды да Абай жаңаша мағынада, орынды пайдаланады. Мысалы:

Жақсыға айтсаң, жаны еріп,
Ұғар көңіл шын беріп.
Жамандар адал еңбек қыла алмай жүр.

Кейде топтап айту үшін біреу («Пайда үшін біреу жолдас бүгін танда»), әркім («Әркім жүр алар жердің ебін қамдап»), кейбіреуі («кейбіреуі — законшік»), кейбірі («кейбірі пірге қол берген») деген сияқты сөздерді де қолданды. Тіпті сөзін тыңдаушыларға қаратып айтып, сен, сендер, өздерің деп отырып, көпшілікті мінездей, сипаттап кететіні де кездеседі. Мысалы:

Жұмыссыз сандал,
Еріксіз малды ал,
Деген кім бар сендерге?

Топтап сипаттаудың ең көлемді, ауқымды түрі ел, жұртты айтып, көпшілікті, бүтін бір қауымды мінездеу болса керек. Мысалы:

ЖАҢА СТИЛЬ БАСЫ

Абайдың ақындық тұлғасы туралы айтпас бұрын, жалпы шығарма стилі хақында тоқтала кеткен артық емес. Өйткені бұл мәселенің шешілмеген жақтары баршылық. Стилль дегеніміз не? Оған не енеді, көркем стилистиканы қалай анықтап жүрміз? Міне, осылар жайында ғалымдар пікірі, түсінігі, байламы әр түрлі. Оның себебі академик В. Виноградов айтқандай, стилль деген ұғымға жалпы өнертану тұрғысынан бір түрлі, сөз өнері (көркем әдебиет) бойынша екінші, тіл білімі жағынан үшінші түрлі анықтама берілуінен. Анықтамалар көбінде бір-біріне мүлде қарама-қайшы.

Көркем стилльге байланысты ғалымдар әр түрлі түсінік береді. Біреулер (профессор А. Ефимов) стилльді лингвистикалық тұрғыдан қарастырып, жазушының тілінен іздейді, енді біреулері стилльге шығарманың идеясы мен пішінін де жатқызады (Г. Аброрович, Я. Эльсберг, Қ. Жұмалиев), ал үшінші біреулері стилльді шығарманың элементтерімен байланыстырады (П. Палиевский, А. Чечурин, Г. Поспелов). Мұның өзі шығарма стилін анықтауда қиындықтарға киліктіріп жүргені мәлім.

Біздіңше, көркем стилистиканың мақсаты шығарманың құрылымдық пішінін, эстетикалық табиғатын, қуатын тану, жазушының даралық қолтаңбасын, сөз саптасын, көркемдік жаңалықтарын ашу. Ал мұны тілдік факторға ғана сүйеніп шешу мүмкін емес. Өйткені әдебиет эстетикалық күрделі құрылым, тек біртұтас зерттеу арқылы ғана оның жеке элементтерін тани аламыз.

Жазушы қиял дүниесі арқылы әлемнің кескінін өнер өрнегіне түсіреді. Мұнда қиял, әсірелеу, өрбіту, биіктеу, құлдырату, типтендіру — баршасы бар. Стилльдің ерекшелігі де, міне, осында. Көркем шығарма — өнер дүниесі. Олай болса көркем сөз айшықтарын талдағанда біз тіл ғылымы ғана емес, пәлсапалық эстетиканың, әдебиет теориясының категориялары мен ұғымдарын да басшылыққа аламыз. Өйткені тіл шығарманың көркем құрылымына енгенде, жаңа рең алады.

Әдебиеттану ғылымында екі нәрсенің басы ашылмай келеді. Стилль құраушы фактор мен стилль аралығын ажырата алмай жүрміз. Зерттеушілердің көбі стилль құраушы факторларды да стилльге жатқызады. Мәселен,

шығарманың тақырыбы, идеясы, жанры стильдік элементтер бола ала ма?

Әрине, тақырыпсыз, проблемасыз, жанрсыз ешқандай көркем туынды жоқ. Бұлар — шығарманың стильдік элементтерінің түп қазығы. Мысалы, жазушы М. Әуезов эпопеясын жазғанда, тек Абайдың ұлы тұлғасын жасап қана қоймай, сонымен бірге тарихи-әлеуметтік өмірін, тартыс-күресін, арман-мақсатын, әдеп-ғұрып, салт-санасын да көрсетпекті мақсат етті.

Осы идеясына роман-эпопея жанрын таңдады. Олай болса, тақырыпты, идеяны стиль құраушы фактор деп танып, стильді шығарманың құрылымдық бейнелі пішінінен іздеуіміз керек. Профессор Г. Пospelов айтқандай, «тек шығарманың көркем бейнелі пішіні ғана стильдік қасиетке ие, шығарма мазмұнының өз алдына жеке стилі жоқ және ол стильге енбейді, шығарманың көркем пішінінің стильдік сапалары арқылы ғана көрінеді».

Әр өнер иесінің суреткерлік дара ерекшелігі шығармасының өрнегінен танылады. Шынайы суреткерлер бір-бірімен осы арқылы ерекшеленеді. Мысалы, радиодан кейде ән орындаушының есімі айтылмаса да, біз Күләшті Бибігүлмен, Манарбекті Жүсіпбекпен, Ермекті Кәукенмен әсте шатастырмаймыз. Сол сияқты ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы Ыбырай мен Абайдың екеуі де ағартушылықты шығармаларына өзек етіп, халықты ғылым-білімге шақырды, адамгершілікті жырлады. Сондықтан олардың шығармалары идеясы жәғынан бір-бірімен үндесіп жатады. Бірақ екеуінің сөз саптасы, қол таңбасы, өрнегі, яғни стильдері мүлде бөлек.

Мектепте әдебиетті оқыту барысында шығарма стилі жайында айқын түсінік беріп жүргеніміз жоқ. Оқушылар әр жазушының өзіне тән суреткерлік ерекшелігін, бір жазушының екінші жазушыдан айырмашылығын көбінде ажырата алмайды. Ал мұндай жағдайда шәкірт әдебиеттен тиянақты білім алды деу қиын. Олай болса, орта мектепте стиль жөнінде азды-көпті түсінік беруге тиістіміз.

Оқыту барысында әр ақын-жазушының бір тақырыпқа жазылған шығармаларын салыстыра отырып, әрқайсысының сөз саптасындағы, сюжет, композиция құрудағы, шығарма әуеніндегі, сазындағы, ырғағындағы, демек, пішіндік элементтеріндегі ерекшеліктерді танытса,